

FTAMP 17.07.41

<https://doi.org/10.26577/EJPh2022202618>

Е. Хуатбекұлы¹ , Ж.Б. Сәрсенбаева^{1*} ,
Д.Б. Мухамадиев² 

¹М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: babe8812@mail.ru

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК-ТАНЫМДЫҚ СИНТЕЗ

Мақалада қазақ ғылымының қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметін бейнелейтін екі туынды салыстырмалы тұрғыдан талданады. Негізгі зерттеу нысаны ретінде Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі мен Санжар Керімбай, Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі алынды. Зерттеу барысында аталған шығармалардың жанрлық табиғаты, деректілік негізі, көркемдік баяндау тәсілдері, авторлық интерпретациясы және оқырман қабылдауына ықпалы қарастырылды. Медеу Сәрсекенің туындысында тарихи дерек пен көркемдік қиял өзара ұштасып, Қаныш Сәтбаев бейнесі кейіпкерлердің ішкі сезімі, диалог, сюжеттік иірім және көркем эпизодтар арқылы ашылатыны айқындалды. Ал Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби еңбегінде нақты фактілерге, құжаттық деректерге және философиялық-аналитикалық пайымға басымдық беріліп, ғалымның ғылыми күресі мен Қазақстан Ғылым академиясын құру жолындағы қызметі ғылыми-танымдық тұрғыдан сипатталады. Салыстырмалы талдау екі туындының тарихи тұлғаны танытуда екі түрлі әдеби-танымдық модель ұсынатынын көрсетті: біріншісі – көркемдік интерпретацияға негізделген роман-эссе, екіншісі – деректік және аналитикалық сипаттағы ғылыми-танымдық еңбек. Зерттеу нәтижесінде Қаныш Сәтбаев бейнесінің көркем әдебиет пен ғылыми-танымдық прозада әртүрлі тәсілмен репрезентацияланатыны және бұл айырмашылық қазақ деректі прозасының даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік беретіні тұжырымдалды.

Түйін сөздер: деректі проза, роман-эссе, аналитикалық очерк, тарихи тұлға, көркемдік-танымдық синтез, ғылыми-танымдық әдебиет.

Y. Khuatbekuly¹, Zh.B. Sarsenbayeva^{1*}, D.B. Mukhamadiev²

¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: babe8812@mail.ru

Kanysh Satbayev and the Artistic-Cognitive Synthesis

The article presents a comparative analysis of two works that depict the life and scientific activity of Kanysh Satbayev, a prominent historical figure who made an outstanding contribution to the formation and development of Kazakh science. The main objects of the study are Medeu Sarseke's novel-essay Kazakh's Kanysh and Sanzhar Kerimbay and Adilbek Nabi's work Kanysh and the Scientific Front. The study examines the genre nature, documentary basis, artistic narrative strategies, authorial interpretation, and reader reception of the two works. It is shown that in Sarseke's novel-essay, historical facts are combined with artistic imagination, while the image of Kanysh Satbayev is revealed through the characters' inner experiences, dialogues, plot development, and expressive episodes. In contrast, Kerimbay and Nabi's work gives priority to factual material, documentary evidence, and philosophical-analytical reflection, presenting Satbayev's scientific struggle and his role in establishing the Academy of Sciences of Kazakhstan from a scientific-cognitive perspective. The comparative analysis demonstrates that the two works offer different literary and cognitive models for representing a historical personality: the first is a novel-essay based on artistic interpretation, whereas the second is a scientific-cognitive work with a documentary and analytical focus. The study concludes that the image of Kanysh Satbayev is represented through different narrative and cognitive strategies in literary and scientific-cognitive prose, and this distinction makes it possible to identify important tendencies in the development of Kazakh documentary prose.

Keywords: documentary prose, novel-essay, analytical essay, historical figure, artistic-cognitive synthesis, scientific-cognitive literature.

Е. Хуатбекұлы¹, Ж.Б. Сарсенбаева^{1*}, Д.Б. Мухамадиев²

¹Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: babe8812@mail.ru

Каныш Сатбаев и художественно-познавательный синтез

В статье представлен сравнительный анализ двух произведений, отражающих жизнь и научную деятельность Каныша Сатпаева – выдающейся исторической личности, внесшей значительный вклад в становление и развитие казахской науки. Основным объектом исследования стали роман-эссе Медеу Сарсеке «Казахский Каныш» и труд Санжара Керимбая и Адильбека Наби «Каныш и научный фронт». В ходе исследования рассмотрены жанровая природа, документальная основа, способы художественного повествования, авторская интерпретация и особенности читательского восприятия данных произведений. Установлено, что в романе-эссе Медеу Сарсеке исторический факт сочетается с художественным вымыслом, а образ Каныша Сатпаева раскрывается через внутренние переживания персонажей, диалоги, сюжетные повороты и выразительные эпизоды. В труде Санжара Керимбая и Адильбека Наби, напротив, преобладают документальная фактология, философско-аналитическое осмысление и научно-познавательная направленность, позволяющие раскрыть научную борьбу Сатпаева и его роль в создании Академии наук Казахстана. Сравнительный анализ показал, что два произведения предлагают различные литературно-познавательные модели репрезентации исторической личности: первое основано на художественной интерпретации, второе – на документально-аналитическом способе изложения. В результате исследования сделан вывод о том, что образ Каныша Сатпаева в художественной и научно-познавательной прозе раскрывается через разные повествовательные и когнитивные стратегии, что позволяет определить важные направления развития казахской документальной прозы.

Ключевые слова: документальная проза, роман-эссе, аналитический очерк, историческая личность, художественно-познавательный синтез, научно-познавательная литература.

Кіріспе

Қазақ халқының XX ғасырдағы көрнекті тұлғаларының бірі – академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Оның өмір жолы мен ғылыми мұрасы тек геология ғылымының дамуына ғана емес, қазақ қоғамының интеллектуалдық қалыптасуына да айрықша ықпал етті. Қаныш Сәтбаев тұлғасы ұлттық ғылымның қалыптасу тарихымен, индустриялық даму кезеңімен және қазақ қоғамындағы ғылыми ойдың жаңғыруымен тығыз байланысты. Сондықтан ол ірі ғалым ретінде ғана емес, қазақ руханияты мен ғылымының жаңару дәуірін бейнелейтін тарихи тұлға ретінде бағаланады. Осы себепті біз талдау нысаны етіп алып отырған Қаныш Сәтбаев туралы жазылған еңбектерді қазақ әдебиетіндегі деректі проза жанры бойынша маңызды туындылар ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі қазақ прозасында Қаныш Сәтбаевтың бейнесін сомдаған ірілі-ұсақты шығармалар бар. Солардың ішінде Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі айрықша орын алады. Жазушы жарты ғасырға жуық уақыт бойы ғалым өмірін зерттеп-зерделеп, тарихи деректерді сұрыптап, замандастарының естеліктерін шолып, Қаныш Сәтбаев туралы мәліметтерді жинақтауға тырысты. Сол арқылы ғалымның

шығармашылық және тұлғалық бейнесін ашуға үмтылды. Ізденіс және дерек жинау үдерісі автордың естеліктерінде де біршама баяндалған. Оның «Қазақтың Қанышы» роман-эссесін деректі проза жанрының үздік үлгілерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Бұл шығармада автор ғалымның ғылым жолындағы қызметін ғана емес, балалық шағынан бастап өмірінің соңына дейінгі тағдырын көркем тілмен кең ауқымда баяндайды. Тоталитарлық заманның цензурасына қарамастан, жазушы Қаныш Сәтбаевтың өміріндегі қиын тұстарды, әсіресе 1950-жылдардағы саяси қысым мен қудалауды көркемдік кеңістікте нанымды жеткізе алған. Ұ. Зарыққанның публицистикалық мақаласында Медеу Сәрсекенің өз ізденісін 60 жылға жуық уақыт жүргізіп, ғалымның күрескерлік ғұмырына 19 кітап арнағаны, Қаныш Сәтбаев есімін әлемдік деңгейге көтергені және оның еңбектері ЮНЕСКО деректері бойынша әлемнің 112 еліне таралғаны туралы мәліметтер беріледі (Зарыққан, 2024).

Қаныш Сәтбаевтың өмір деректері мен қазақ ғылымының өркендеуі жолындағы күресін жіті баяндаған, жүйелі жазылған еңбектердің бірі – Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» атты шығармасы (Керімбай, 2024). Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы қарсаңында жарық көрген бұл туын-

ды ғалымның өмір жолын түсіндірмелі талдаулар арқылы жеткізеді. Авторлар ғалым өмірін баяндап қана қоймай, оның ғылым жолындағы күресін, қазақ қоғамындағы білім деңгейінің төмендігін, надандық пен ғылым арасындағы қарама-қайшылықтарды философиялық талдау және әлеуметтік мәселе ретінде көтереді. Шығармада авторлардың Медеу Сәрсекенің еңбектерін оқығаны, онымен кездесіп сұхбаттасқаны, сол арадағы ұзақ әңгіме, артылған үміт, сондай-ақ Қаныш бейнесінің бізге толық мәлім болмауының сыры түсіндіріледі.

Қос шығарманы салыстырмалы талдау барысында олардың мүлде екі түрлі бағытта жазылған туындылар екендігі айқындалады. Медеу Сәрсекенің еңбегінде ғалым өміріндегі нақты тарихи шындық пен деректер кеңінен қамтылып, көркемдік қиял негізінде жеткізілсе, Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби Қаныш тұлғасының азаматтық позициясына, ұстанымдарына және рухани болмысына барынша назар аударуға тырысады. Сол арқылы Қаныш бейнесін өткен ғасырдың интеллектуалдық тұлғасы ретінде ғана сипаттамай, бүгінгі қоғам үшін де үлгі тұтар тұлға ретінде қайта жаңғыртуды көздейді.

Зерттеу нысанына алынып отырған осы екі еңбек қазақ деректі прозасының маңызды үлгілерінің бірі болып табылады. Екі шығарма екі түрлі тарихи-мәдени кезеңде жазылуымен құнды және бір-бірімен мазмұндас, сабақтас сипатқа ие. Медеу Сәрсекенің XX ғасырда, кеңестік кезеңде Қаныш секілді ғалымның шынайы бейнесін жасап, оны көркемдік тұрғыда баяндай білді. Ал қазіргі кезеңде жарық көрген Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің еңбегі Қаныш бейнесін қоғамдық-мәдени тұрғыдан сипаттай отырып, оны жаңа қырынан танытады, сол арқылы қоғамға күрескерлік рух беруге ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда, бір тұлғаға арналып жазылған екі шығарма мазмұндық тұрғыдан да, жазылу әдістері тұрғысынан да бірін-бірі қайталамайтын туындылар болып саналады.

Медеу Сәрсекенің мен Санжар Керімбай, Әділбек Нәби еңбектерін салыстырмалы талдау арқылы қазақ деректі прозасындағы өзгерістерді көрсету, екі кезеңде жазылған қос туындыда ғалым бейнесі қалай көрініс тапты және қалай өзгерді деген сұрақтарға жауап беру мақсат етілді. Осындай салыстырмалы талдаулар арқылы Қаныш Сәтбаев бейнесі уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашылып, оның қазақ санасында берік орныққан есімі қайта жаңғырып, ғалым бейнесі мен еңбектерін дәріптеуге септігін тигізеді. Со-

нымен қатар қазақ деректі прозасының даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада Қаныш Сәтбаевтың тарихи-әлеуметтік бейнесін баяндайтын екі көлемді шығарма талдау нысаны ретінде алынды. Біріншісі – Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі, тарихи-ғұмырнамалық сипаттағы шығарма. Екіншісі – дәстүрлі деректі прозаның қалыптасқан сұрлеуінен шығып, тың танымдық бағытта жазылған Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» атты еңбегі. Осы екі туынды негізгі зерттеу материалы ретінде қарастырылды. Сонымен қатар аталған еңбектердегі деректердің шынайылығын айқындау мақсатында ғылыми жарияланымдар, хаттар мен естеліктер қосымша дереккөз ретінде пайдаланылды.

Шығармаларды талдау және деректердің дұрыстығын тексеру барысында тарихи зерттеулерге тән сын принциптері басшылыққа алынды. Библиографиялық деректердің шынайылығы мен фактілердің тарихи контекстке сәйкестігі салыстырмалы талдау арқылы айқындалды. Мақаланың аналитикалық бөлімінде нарратив пен дискурс теориялары, сондай-ақ салыстырмалы-тарихи және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулер мен қазіргі кезеңдегі сөз еркіндігі арасындағы айырмашылықты анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада Медеу Сәрсекенің еңбегіндегі фактілер мен көркемдік баяндаудағы әдеби дискурстың рөлі қарастырылса, Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби шығармасында философиялық интерпретацияға негізделген нарративтің қызметі айқындалды.

Әдебиеттерге шолу

Тарихи шындықтың өзегін сақтай отырып, оны көркем нарративке айналдыратын, тарих пен әдебиетті орайлы түйістіретін жанрдың бірі – деректі проза. Қазіргі уақытта әдебиеттану саласында бұл бағытқа ерекше назар аударылып келеді. Осы мақалада деректілік, тарихи шындықты сипаттаудағы нарратив пен дискурс арасындағы байланыс және олардың арақатынасы негізгі теориялық бағдар ретінде алынды.

Н. Ақыш деректі прозаның негізгі принциптерінің бірі ретінде нақты оқиғаларды жазу барысында деректерді ой елегінен өткізіп, өң-

деп жеткізудің маңыздылығын атап көрсетеді. Деректі прозаның тарихи зерттеулерден басты ерекшелігі – фактілердің эстетикалық реңкпен берілуінде және адамның ішкі әлеміне назар аударуында. Бұл тұрғыдан алғанда, дерек пен көркемдіктің нәзік үйлесімі деректі прозаның басты сипаттарының бірі болып табылады (Ақыш, 2025).

Көркемдік-танымдық синтезді түсіндіруде қазіргі когнитивтік зерттеулердегі ақпараттық өңдеу, ассоциативтік ойлау, синтетикалық таным, интуитивтік қабылдау және өнер түрлерінің өзара ықпалдастығы туралы тұжырымдар маңызды. Shang (2023) көркем қабылдауды «стимул – түйсік – жады – реакция» тізбегі арқылы жүзеге асатын күрделі ақпараттық үдеріс ретінде сипаттайды. Бұл үдерісте назар, жады, пайымдау, бағалау және эмоционалдық жауап өзара байланысып, көркем мәтінді қабылдау тек логикалық қорытындыға емес, практикалық-танымдық тәжірибеге негізделетінін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи тұлға туралы жазылған деректі-көркем мәтін оқырман санасында тек ақпараттық дерек ретінде ғана емес, эмоциялық, мәдени және құндылықтық тәжірибе ретінде қабылданады.

Көркем шығармашылық пен оқырман қабылдауында ассоциативтік және синтетикалық ойлаудың да орны ерекше. Beaty (2023) шығармашылық үдерістің семантикалық жады кеңістігіндегі ассоциативтік қозғалыстарға сүйенетінін көрсетсе, Pinkow (2022) синтезді бірнеше концептінің бірігуі арқылы жаңа идея тудыратын шығармашылық ойлау формасы ретінде қарастырады. Мұндай синтез дивергентті және конвергентті ойлаудың өзара байланысына негізделеді: бір жағынан, мәтін әртүрлі мағыналық өрістерді еркін байланыстырады, екінші жағынан, оларды біртұтас идеялық жүйеге жинақтайды. Бұл механизм Медеу Сәрсекенің тарихи дерек пен көркемдік қиялды ұштастыруынан, сондай-ақ Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің нақты фактілерді философиялық-аналитикалық пайыммен түсіндіруінен айқын байқалады.

Көркемдік-танымдық синтездің тағы бір маңызды қыры – интуиция мен саналы талдаудың өзара әрекеті. Schipper (2020) ұсынған «Андрасх эффектсі» теориясы көркем ойлауды имплицитті және эксплицитті үдерістердің ерекше ұйымдасуы ретінде сипаттайды; мұнда префронталдық бақылау деңгейінің өзгеруі шығармашылық интуицияның және жасырын танымдық байланыстардың күшеюіне ықпал етуі мүмкін. Демек, көркем мәтіндегі тарихи тұлға бейнесі тек

деректерді ретімен баяндау арқылы емес, авторлық интуиция, бейнелі жинақтау және ішкі мағыналық байланыстар арқылы да қалыптасады. Ал Minasyan (2023) атап көрсеткендей, өнер түрлерін ортақ «эмоция-идея» негізінде біріктіретін көпөнерлік әдістер бейнені қабылдау тереңдігін арттырып, көркем танымның когнитивтік әлеуетін күшейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қаныш Сәтбаев бейнесін танытатын шығармалардағы дерек, образ, эмоция, тарихи жады және ғылыми пайым бір-бірімен тоғысып, көркемдік-танымдық синтездің көпқабатты жүйесін түзеді.

Мақалада негізгі талдау объектісі ретінде Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі мен Санжар Керімбай, Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі алынды. Сонымен қатар қолжазбалар, сұхбаттар мен естеліктер қарастырылды. Зерттеудің теориялық негізін кеңейтуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Қаныш Сәтбаевтың геология саласында атқарған ерен еңбектері Бортниковтің мақаласында да жан-жақты қарастырылған. Онда ғалымның Қазақстандағы минералды-шикізат базасын қалыптастырудағы шешуші рөлі атап көрсетіледі (Бортников, 2024, с. 241). Қаныш Сәтбаевтың өмір деректері мен геологиялық мектеп қалыптастырудағы қызметін тереңірек түсіну мақсатында техникалық бағытта жазылған бірқатар мақалаларға да шолу жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі мен Санжар Керімбай, Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» шығармасы бір тарихи тұлға арналғанымен, екі түрлі бағытта жазылған туындылар болып табылады. Қос шығарманың жанрлық табиғаты, баяндау әдістері, деректермен жұмыс істеу тәсілі және аудиторияны игеру ерекшелігі әртүрлі. Бұл шығармаларды қазақ деректі прозасының эволюциясын көрсететін маңызды туындылар ретінде қарастыруға болады. Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі Қаныш Сәтбаевтың өмір жолы мен қилы тағдырын кең оқырманға таныстырған маңызды шығарма саналады.

Бұл жерде деректі проза мен көркем прозаның айырмашылығын Хализевтің пікіріне сүйене отырып талдасак, мәтіннің табиғатын басқа қырынан тануға болады. Ғалымның «...таңбалық сөйлеу кезіндегі барлық құбылыстарда «сөйлеуші» мен «қабылдаушы» тұлғасы бейтарап болып келеді. Мұндай мәтіндер тірі

дауысқа ие болмайды» деген тұжырымы деректі прозаның көркем әдебиеттен айырмашылығын нақты көрсетеді (Хализев, 2004, б. 257). Мұндай мәтіндерде эмоциядан гөрі бейтараптық басым болады. Осы тұрғыдан қарағанда, деректі баяндау көркем прозадағы «тірі дауысқа» қарағанда ақпараттық сипатымен және деректік негізімен ерекшеленеді.

Ал Медеу Сәрсекенің шығармасында эссе жанрының табиғаты басым. «Автордың назарын аударған объектіні таңдау субъективті жеке көзқарастан туындайтынын ескерсек, көркем шығарма объективті шындықтың субъективті бейнеленуі болып табылады» деген пікір бұл туындының көркемдік табиғатын түсіндіруге мүмкіндік береді (Қалқабаева, 2023, б. 116). Сондықтан шығармада фактілер мен тарихи деректерді сипаттауға автордың жеке ой-толғамдары, бағалауы мен интерпретациясы еркін араласып отырады.

«Қазақтың Қанышы» роман-эссесі деректі материалдарға сүйене отырып, көркемдік құралдарды еркін пайдаланған туынды. Автор эпизодтарды драматизациялап, кейіпкерлердің ішкі күйін, психологиялық халін суреттеу арқылы тарихи бейнені сәтті аша біледі. «Мың шақырым ұзақ сапардың алғашқы қадамнан басталатыны сияқты, қолыңыздағы «Қазақтың Қанышы» аталатын роман-эссеге бұдан отыз бес жыл бұрын, 1963 жылдың жазында ұлтымыздың біртуары ғалымы Ә. Марғұланмен оңаша сұхбат үстінде алғашқы сұрлеу салынған – бүгінде естелік ретінде айтар сыр» деген жолдардан автордың нарративтік уақыт пен кеңістікті еркін игеретіні байқалады (Сәрсек, 1999, б. 3).

Сонымен қатар эссе жанрында түрлі құрамдас бөліктердің бірлігіне қол жеткізуде автордың ой-пікірі, экспрессиясы және мәнерлілік қуаты маңызды рөл атқарады. Зерттеушілер атап көрсеткендей, айтушының таныстыруы, алған әсері, бас кейіпкерлермен кездесулер мен сұхбаттардағы пікірлері шығарма құрылымында елеулі қызмет атқара алады (Ессенова, 2025, б. 207). Осы тұрғыдан алғанда, Медеу Сәрсекешығармаларында дерек пен көркемдік сәтті синтезделіп, авторлық түсіндірулер арқылы шығарманың көркемдік әсері күшейтіледі және тарихи тұлға жан-жақты танытылады.

Ал Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі Қаныш Сәтбаевтың өмірін көркем баяндаудан гөрі оны философиялық талдаулар арқылы танытатын тарихи-танымдық еңбек ретінде ерекшеленеді. Мұнда Медеу Сәрсекенің романындағыдай то-

лыққанды өмірбаяндық желі берілмейді. Керісінше, жекелеген тарихи оқиғалар баяндаудан гөрі талдау нысанына айналады. Авторлар ғалымның күрделі жағдайларда қабылдаған шешімдері мен әрекеттерін экзистенциялық талдаулар арқылы түсіндіруге тырысады. Қаныш Сәтбаевтың өміріне қатысты тарихи деректерді пайдалана отырып, әртүрлі аналитикалық пайымдар жасайды. Ғалымның күрескерлік тұлғасын ашуда онтологиялық және феноменологиялық әдістерге сүйенеді. Сондықтан бұл кітаптың стилі көркем шығармадан гөрі аналитикалық очеркке жақын.

Керімбайдың: «2021 жылдан бастап «Отбасы хрестоматиясы» ұжымы қазақ мемлекетінің қалыптасып, орнығуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларды насихаттауды қолға алады. Тізімде Қаныш Сәтбаев та бар. Бірақ ұжымда Қаныш жайлы білер адам жоқ. Сол үшін Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» деген еңбегін оқыдым» деген сөзі бұл туындының аудиторияға бағытталған аналитикалық сипатын көрсетеді (Керімбай, 2024, б. 3). Авторлар тарихи деректерді философиялық талдау арқылы оқырманға жеткізеді. Мұнда фактілер жай ғана тізбектелмейді, жинақталған ақпарат сүзгіден өткізіліп, оның ішкі мәні, себеп-салдары ашылады. Сол арқылы еңбектің мазмұны тереңдеп, ғылыми пайымдаулар дәлелді сипат алады.

Жоғарыда айтылғандай, бір тұлғаны сипаттаған екі туынды қазақ деректі прозасында екі түрлі әдеби-танымдық модельді көрсетеді. Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі нақты деректерге сүйене отырып, оларды көркемдік синтез арқылы жеткізген шығарма ретінде танылады. Ал Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі тарихи деректер мен фактілерді философиялық және аналитикалық талдаулар арқылы баяндаған, ғылыми-танымдық мақсаты басым туынды ретінде сипатталады. Бұл екі шығарма қазақ деректі прозасының даму деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Яғни көркемдік пен ғылыми талдаудың сабақтасуы тарихи тұлғаны танытудың жана деңгейін қалыптастырады.

Детальдық көріністер тұрғысынан қарағанда, Медеу Сәрсекенің романы көріністер мен диалогтарға, динамикаға көбірек иек артады. Кейіпкерлер диалог арқылы түрлі қатынасқа түседі, ал ішкі психология монологтар арқылы ашылады. Мысалы, Мырзабек Тұңғышбаевтің әңгімесінен алынған эпизодта кейіпкердің ішкі ойы мен сезімі айқын көрініс табады: «Бір пәлеге ұшырағанымызды жүрек сезеді, ойда күдік

көп, көңіл күпті. Тайлы-таяғымыз қалмай, темір жолдың кішкене вагондарына тиеліп, Қарсақбайға жеттік» (Сәрсек, 1999, б. 239). Бұл эпизод арқылы автор Сәтбаевтың қиын жағдайда қабылдаған шешімі мен әрекетін кейіпкер баяндауы арқылы жеткізеді. Мұндай эпизодтар шығармада жиі кездеседі және тарихи тұлғаның ерекшелігін кейіпкерлер әрекеті арқылы ашуға қызмет етеді.

Романда өмірлік шындық, фактілер мен көркемдік элементтер қатар қолданылады. Жазушы қолындағы кей мәліметтерді сол күйінде беріп, тарихи оқиғаларды нақты дерек ретінде ұсына-тын тұстары да бар. Сәтбаевтың археологиялық экспедицияларын, Ғылым академиясының іргетасын қалау жолындағы күресін баяндауда кей деректер кездейсоқ әзілдер мен диалогтар арқылы көркемдік бояумен түрлендіріліп беріледі. Кейбір оқиғалар тарихи дәйектер негізінде автор қиялымен дамытылып, драмалық өрнекке ие болады. Осылайша түрлі диалогтар мен кейіпкерлер тартысы арқылы тарихи тұлғаны терең танытуға, оқырманды шығармаға қызықтыруға ұмтылыс байқалады.

Ал «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегінде, керісінше, көріністерге аз орын беріліп, басымдық деректер мен талдауларға беріледі. Ішінара Жезқазғандағы мыс кен орнын ашу, Академияны құрудағы күрестер сияқты эпизодтарда әңгімелеу элементтері кездескенімен, олар көбінесе тарихи фактілердің маңызын түсіндіруге қосалқы құрал ретінде қолданылады. Мұндағы детальдар негізінен фактіге және философиялық тұжырымдарға қызмет етеді. Оқиғалар ғылыми талдау мен қысқаша очерк үлгісінде беріледі.

Автор Медеу Сәрсекенің кітабындағы эпизодтарды мысалға алып отырады: «Қаныш Алматыға кетерде орына екеуін қойып кетіпті. Олар бұрғышының қазып әкелген минералына кәсіби геолог ретінде анализ жасап, қорытынды беру керек. Бірақ қорытынды жазып беруге қорықты. Осы сәттегі екі бастықтың асып-сасып қоқақтап қалған сәтін Медеу Сәрсек «Қазақтың Қанышы» кітабында әсерлі етіп жазған» (Керімбай, 2024, б. 86). Мұндай тәсіл «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегінде ғылыми талдау мен деректілікке басымдық берілетінін көрсетеді. Ал артық көркемдік қажет тұстарда автор оқырманды роман-эссеге бағыттады.

Медеу Сәрсекенің романында көркем әдеби тіл, аллитерация, метафора, эпитеттер кеңінен қолданылады. Автор монолог пен айшықтау құралдарын кейіпкерлердің ішкі сезімін білді-

руде көркемдік құрал ретінде пайдаланады. Ал Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби еңбегінде, керісінше, ғылыми-танымдық көзқарастар алға шығып, экспозициялар мен фактілер көп өзгертілмей беріледі. Әдеби айшықтаудан гөрі сандар, цитаталар мен анықтамалар жиі кездеседі. Метафора мен эпитет сияқты көркемдік құралдар ішінара ғана пайдаланылады. Ғылыми контексте кездесетін діни немесе философиялық терминдер мәтінге бейнелік сипат бергенімен, олардың қызметі әдеби стильдегідей емес, аналитикалық мазмұнды ашуға бағытталады (Farxadova, 2025, б. 287).

Осылайша, Медеу Сәрсекенің шығармасы көркемдік детальдар мен кейіпкерлердің ішкі сезіміне, көркем эпизодтарға көбірек орын берсе, «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі нақты тарихи деректерді жинақтап, синтездеп, оны философиялық талдаулар арқылы жеткізуге басымдық береді. Бұл екі тәсіл бір тарихи тұлғаны танытудағы екі түрлі бағытты көрсетеді. Біріншісі көркемдік синтез бен авторлық интерпретацияға жүгінсе, екіншісі деректерді талдап көрсету мен философиялық интерпретацияға иек артады.

Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» романы негізінен тарихи оқиғаларды басшылыққа ала отырып жазылған шығарма. Автор шындық пен қиялдың тоғысын сәтті ұштастыра білген. Шығармада кейіпкерлердің диалогтары мен әзілдері автор қиялымен толықтырылып отырады. Мұндай тәсіл оқырманды оқиға желісіне тартып, оқиғаның шынайылығына деген сенімді күшейтеді. Тарихи шындық пен көркемдік шешімнің үйлесімі шығармадағы эмоционалды әсерді арттырады. Бұл оқырманды өзіне тартуға айтарлықтай ықпал етеді.

Объективтілік пен тарихи шындыққа сыни көзқараспен қарап, оны аналитикалық талдау арқылы ұсынған «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі Медеу Сәрсекенің шығармасымен мазмұндық тұрғыдан бірін-бірі қайталамайды. Мұнда авторлар ашық деректерді қолданып, сол деректерге философиялық түсініктеме беріп отырады. Бұл шығарма Қаныш Сәтбаевтың тұтас өмірін таныстыруды мақсат етпейді, керісінше ғалымның ғылыми күрестегі жетекшілігі мен еңбегін насихаттауға ден қояды. Сондықтан бұл шығармада көркем эпизодтар мен идеологиялық баяндаулар аз. Қажет тұстарда авторлар оқырманды Медеу Сәрсекенің еңбегіне бағыттады. Бұл тәсіл деректің дәлдігі мен авторлық интерпретацияның арақатынасын айқындауға мүмкіндік береді.

Жанрлық тұрғыдан қарастырғанда, Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» шығармасы әдеби-тарихи роман-эссе ретінде сипатталады. Ол дәстүрлі өмірбаян емес, деректі проза жанрында жазылған, нақты құжаттарға сүйене отырып, оқиғаларды көркем сюжет пен әртүрлі эпизодтар арқылы байытқан шығарма. Туынды тарихи тұлғаның бейнесін жан-жақты аша түседі. Бұл авторлық тәсіл Ф. Леженнің «автобиографиялық келісім» идеясымен де ұштасады, өйткені тарихи тұлға баяндау кеңістігіне енгізіліп, авторлық интерпретация арқылы ұсынылады. Кейде оны «новелласы бар публицистика», «құжат-хатир», «спутник» немесе «документалды эссе» ретінде де қарастыруға болады, өйткені шынайы фактілер көркем сөйлеу құралдары арқылы бейімделген (Дементьева, 2023).

Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби еңбегі жанрлық тұрғыдан Медеу Сәрсекенің шығармасынан түбегейлі ерекшеленеді. «Қаныш және ғылыми майдан» тарихи зерттеу мен тарихи эссені үйлестірген шығарма ретінде көрінеді. Бұл дәстүрлі өмірбаяндық сипатқа ие емес. Яғни шығарма формалды түрде өмірбаян болмағанымен, нақты деректерді жинау және оларды түсіндіру арқылы ғылыми-танымдық зерттеудің қызметін атқарады. Ғылыми-публицистикалық тәсілге негізделіп жазылған бұл еңбекті «жаңа журналистика» немесе «ақиқат роман» дәстүріне жақын деуге болады. Дегенмен оны толыққанды «жаңа журналистика» немесе «ақиқат роман» деп кесіп айту қиын. Мұнда тарихи фактілерді баяндаумен қатар, философиялық талдау мен түсіндіру арқылы тарихи оқиғалардың мәні ашылады. Осы тұрғыдан алғанда, Санжар Керімбай тарихи деректерді синтездеп, олардың себептері мен нәтижелеріне ғылыми тұрғыдан баға беруге ұмтылады.

Жоғарыдағы талдаудан көрінгендей, екі туынды да қазақ деректі прозасында тарихи тұлғаны танытудың әртүрлі жолын көрсетеді. Медеу Сәрсекенің шығармасы көркемдік интерпретация мен авторлық қиял арқылы тарихи тұлғаның бейнесін жан-жақты ашса, Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби еңбегі ғылыми дәлдік пен деректерді талдауға негізделеді. Философиялық интерпретация арқылы тарихи тұлға тарихи-публицистикалық контексте танытылады. Бұл екі шығарманы салыстыра талдау қазақ деректі прозасының даму деңгейін бағамдауға мүмкіндік береді.

«Қазақтың Қанышы» романын оқыған оқырман кей сәттерде «бұл нағыз ақиқат» деген ойда қалуы мүмкін. Автор оқырманға тағдыр жолы

рухтандырған нағыз қазақ ғалымы туралы айтып отырғанына сендіреді. Осы мақсатта роман соңында оқырман әр кейіпкердің тағдырына қанығып, патриотизм сезімін бастан өткереді. Дегенмен кейде оқырман «бұл роман ретінде қайта өңделген тарих па?» деген сауалға да тап болуы мүмкін. Бұл жерде әдебиеттанушылық тұрғыдан автор, кейіпкер және оқырман арасындағы үштік маңызды рөл атқарады: автор – оқиғаларды құрастырушы, кейіпкер – сюжеттік қызмет атқарушы, ал оқырман – мәтіндегі бос орындарды интерпретациялап толықтыратын тұлға. Осылайша, автор шындықты оқырманға жеткізеді, ал оқырман оны факт ретінде қабылдайды. Қалған элементтер көркем кейіпкерлік жүйе ретінде танылады (Akimoto, 2019, б. 343).

Бұған қарама-қарсы «Қаныш және ғылыми майдан» кітабын оқырман дәріс немесе ғылыми талдау ретінде қабылдайды. Мұнда оқырманның қызығушылығы Сәтбаевты интеллектуал ретінде тануға, автор ұсынған деректерді ғылыми тұрғыдан қабылдауға бағытталады. Автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас танымдық оқулыққа ұқсас сипатқа ие. Автор оқырманды иландырудан гөрі түсіндіруге ұмтылады. Мұнда оқырманға сенім ұялату мақсатында көркемдік құралдар емес, дәл әрі нақты ақпарат қолданылады.

Сәрсекенің шығармасына қатысты оқырман «шынымен тарихи проза оқығандай» әсер алса, Керімбай мен Нәби еңбегінде оқырман фактіге негізделген ғылыми-танымдық түсінік алады. Осы айырмашылық екі туындының оқырманға әсер ету стратегиясын айқын көрсетеді. Бірі эмоционалды-көркемдік интерпретация арқылы тарихи тұлғаның тағдырын сездіруге бағытталса, екіншісі ғылыми дәлдік пен аналитикалық талдау арқылы оқырманға интеллектуалдық түсінік беруге ұмтылады.

Әдеби-идеологиялық тұрғыдан «Қазақтың Қанышы» романы Қаныш Сәтбаевтың еңбегін дәріптеуге бағытталған. Автор шығармасында отаншылдық, адамгершілік және ғылымға адалдық тақырыптарын баса көрсетеді. Қаныштың ақыл-парасаты мен ұлттық рух туралы идеяларын ашу арқылы оқырманға патриоттық сезім ұялатады. «Өз жерінің қара тасын мақтай алмаған адам, өзге елдің алтынын жұмсауға жарамайды» деген сөздер арқылы автор ұлттық намыс пен жауапкершілік идеясын айқын жеткізеді (Сәрсек, 1999). Шығарманың ішкі мақсаты – оқырманның патриоттық сезімін оятып, ғалым өмірі мен ғылым жолын насихаттау. Оқиға желісі мен кейіпкерлер арасындағы қақтығыстар

арқылы автор сол кезеңдегі саяси ахуалды, қазақ зиялыларының көрген қиындықтарын көрсетуге тырысады.

Құндылықтар тұрғысынан алғанда, Меруерт Абиева «Ұстаз мәртебесі» газетінде Сәрсекенің шығармасын сипаттай отырып, оның құндылығын атап көрсетеді: «Қазақтың Қанышы» роман-эссесінің құнды сипаты – бұл ұлт перзентінің сан қилы, қызықты, рухани мол тағдырына арналып жазылғандығында» (Абиева, 2024). Сонымен қатар ол романдағы Сәтбаевтың отаншылдығын: «Өз жерінің қара тасын мақтай алмаған адам, өзге елдің алтынын мақтап жарытпас» деген оймен байланыстырып, патриоттық тұрғыдан бағалайды (Абиева, 2024).

Ал «Қаныш және ғылыми майдан» кітабы аналитикалық эссе ретінде жазылған. Мұнда идеологиялық ракурс салыстырмалы түрде сирек көрінеді. Негізгі назар қазақ ғылымының тарихын терең түсіндіруге және Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасын насихаттауға аударылады. Авторлар әсіресе Ғылым академиясын құрудағы тарихи деректерді жаңа қырынан ашуға тырысады. Дегенмен ішінара ел мен ғалым арасындағы байланысты, ғылым жолындағы тағдыр шиеленісіне қатысты көзқарастарын да көрсетеді. Бұл шығармада идеологиялық насихат жоқ деп айтуға болмайды. Алайда ғылыми дәлдік пен деректерге басымдық беру арқылы Қаныш Сәтбаев бейнесін сәтті танытқан туынды деуге болады.

Медеу Сәрсекенің роман-эссесі ұлттық идеология аясында жазылған көркем проза ретінде бағаланса, онда тарихи шындық пен көркемдік шешім үйлесім табады. Ал Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің кітабы ғалым тағдыры мен ғылым тарихын насихаттаған ғылыми-танымдық еңбек ретінде сипатталады. Оқырман бұл еңбектер арқылы Қаныш Сәтбаев мұрасын әрі көркемдік, әрі ғылыми-философиялық тұрғыдан тануға мүмкіндік алады.

Қорытынды

Бір тарихи тұлға – Қаныш Сәтбаевтың өмір деректеріне сүйеніп жазылған Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» романы мен Санжар Керімбай, Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбектері әдеби-танымдық, жанрлық, көркемдік және идеологиялық тұрғыдан әрқилы тәсілдерге сүйенеді.

Медеу Сәрсекенің шығармасы көркем әдеби стильде, роман-эссе жанрында жазылған. Мұнда тарихи деректер мен авторлық интерпретация үйлесім тапқан. Автор эпизодтар мен диалогтар-

ды, кейіпкерлердің ішкі монологтары мен сезімдерін пайдалана отырып, оқырманға тарихи тұлғаның өмір жолы мен рухани әлемін жеткізеді. Шешім қабылдау сәттері мен патриоттық идеялар шығармада ерекше орын алады. Бұл туындыда айшықтау құралдары кеңінен қолданылады. Оқырман шығарманы оқығанда шындық пен көркем қиял арасындағы нәзік байланысты сезінеді. Мұнда автор, кейіпкер және оқырман үштігі айқын көрініс табады: автор оқиғаларды құрастырады, кейіпкер сюжетке қызмет етеді, оқырман өз қабылдауы арқылы интерпретация жасайды. Сол арқылы көпқырлы қабылдау қалыптасады.

Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің еңбегі ғылыми-танымдық бағытта жазылған. Бұл кітапта тарихи деректер мен фактілерге басымдық беріледі. Тарихи деректерді баяндауда аналитикалық талдаулар алға шығады, ал әдеби айшықтаулар аз қолданылады. Авторлар аналитикалық талдаулар арқылы Сәтбаевтың өмірі мен күрескерлік жолын көрсетеді. Оқырман мұны көбіне дәріс немесе ғылыми очерк ретінде қабылдайды. Шығармада негізгі назар объективтілікке түседі. Оқырман үшін бұл еңбек интеллектуалдық танымға бағытталған және Сәтбаевты ғылыми тұлға ретінде танытуға қызмет етеді.

Салыстырмалы талдау бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, жанрлық ерекшелік тұрғысынан Сәрсекенің еңбегі көркем тарихи роман-эссе болса, Керімбай мен Нәби кітабы ғылыми-аналитикалық очеркке жақын. Екіншіден, көркемдік тәсілдер бойынша роман кейіпкерлердің ішкі психологиясын, эмоциясын көрсетуге, эпизодтарды драматизациялауға бағытталса, екінші еңбек нақты факт, дерек және аналитикалық талдауға сүйенеді. Үшіншіден, оқырманға әсер ету тұрғысынан роман эмоционалды және патриоттық тәжірибе ұялатады, ал ғылыми-танымдық еңбек фактіге негізделген интеллектуалдық білім береді. Төртіншіден, идеологиялық аспект бойынша Сәрсекенің шығармасы ұлттық идеология аясында патриоттық идеяларды дәріптесе, Керімбай мен Нәби еңбегі ғылым тарихын насихаттауға, білім мен талдауға басымдық береді.

Қорытындылай келе, Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» романы тарихи тұлғаның өмірін көркемдік интерпретация арқылы танытса, Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегі сол тұлғаның ғылыми күресі мен мұрасын объективті, аналитикалық тұрғыдан жеткізетін ғылыми-танымдық еңбек болып табылады. Екі туынды да қазақ де-

ректі прозасының эволюциясын, тарихи тұлғаны танытудың әртүрлі тәсілдерін, көркемдік және ғылыми-танымдық әдістердің үйлесімін айқын көрсетеді. Әрқайсысы өз оқырманына ерекше танымдық тәжірибе ұсынады.

Қаржыландыру

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған АР26100503 «Қазақ әдебиетіндегі деректі прозаның даму үрдістері» деп аталатын гранттық қаржылындыру аясында әзірленді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

Е. Хуатбекұлы зерттеудің негізгі идеясын қалыптастырып, мақаланың теориялық-әдіснамалық бағытын айқындауға және зерттеу нысанына алынған шығармалар бойынша ма-

териалдарды жинақтауға үлес қосты. Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі мен Санжар Керімбай, Әділбек Нәбидің «Қаныш және ғылыми майдан» еңбегіне қатысты салыстырмалы талдау жүргізіп, мақаланың кіріспе, нәтижелер мен талқылау бөлімдерін әзірлеуге қатысты. Ж.Б. Сәрсенбаева зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігін негіздеп, деректі проза, көркемдік-танымдық синтез, тарихи тұлға бейнесі мәселелері бойынша әдебиеттерге шолу жасауға және теориялық тұжырымдарды жүйелеуге үлес қосты. Сонымен қатар мақаланың құрылымын ғылыми талаптарға сәйкестендіріп, мәтіннің мазмұндық тұтастығын, ғылыми стилін және қорытынды тұжырымдарын редакциялады. Д.Б. Мухамдиев зерттеу материалдарын тарихи-әдеби контексте талдауға, Қаныш Сәтбаев бейнесінің көркем және ғылыми-танымдық прозадағы репрезентациясын салыстыруға, пайдаланылған дереккөздер мен библиографиялық мәліметтерді нақтылауға үлес қосты. Автор мақаланың қорытынды бөлімін толықтыруға, ғылыми тұжырымдардың дәлдігін тексеруге және мәтінді соңғы редакциялауға қатысты.

Әдебиеттер

- Зарыққан, Ү. (2024, 8 сәуір). Медеу Сәрсекке қаламындағы Қаныш. *Әдебиет порталы*. https://adebiportal.kz/kz/news/view/medeu-sarseke-qalamyndagy-any_25313
- Керімбай, С., & Нәби, Ә. (2024). *Қаныш және ғылыми майдан*. Алматы: Отбасы баспасы.
- Ақыш, Н. Б., Сәрсенбаева, Ж. Б., & Әбіханова, Г. Д. (2025). The discourse of depicting artistic figures in biographical works. *Keruen. Scientific Journal*, 88(3), 35–47. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-02>
- Shang, L., & Arif, H. B. A. (2023). The extension of cognitive psychology to the field of art and its implications for education. *International Journal of Educational Research and Development*. <https://doi.org/10.56028/ijerd.1.2.1.2023>
- Beaty, R., & Kenett, Y. N. (2023). Associative thinking at the core of creativity. *Trends in Cognitive Sciences*. <https://doi.org/10.1016/j.tics.2023.04.004>
- Pinkow, F. (2022). Creative cognition: A multidisciplinary and integrative framework of creative thinking. *Creativity and Innovation Management*. <https://doi.org/10.1111/caim.12541>
- Schipper, K., Janacek, K., & Németh, D. (2020). How do competitive neurocognitive processes contribute to artistic cognition? The Andras-effect. *Leonardo*, 54, 679–679. https://doi.org/10.1162/leon_a_02007
- Minasyan, N. G. (2023). Synthesis of arts as a method of artistic perception development: A practical aspect. *Pan-Art*. <https://doi.org/10.30853/pa20230006>
- Bortnikov, N. S., Vikentyev, I. V., Degtyarev, K. E., Zhukov, N. M., & Kurchavov, A. M. (2024). Founder of metallogeny in Kazakhstan: On the 125th anniversary of the birth of Academician K. I. Satbayev. *Geology of Ore Deposits*, 66(3), 241–247. <https://doi.org/10.31857/S0016777024030012>
- Хализев, В. Е. (2004). *Теория литературы: учебник* (4-е изд., испр. и доп.). Москва: Высшая школа.
- Қалқабаева, С. А., Алмас, Л. А., & Ахмедова, Ж. А. (2023). The creative personality and authorial concept in A. Nurshayikov's prose. *KazNU Bulletin. Philology Series*, 3(191), 113–122. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v191.i3.ph11>
- Ессенова, Қ. Ә., & Кесікбаева, Ә. Қ. (2025). Features of the prose essay as a genre. *Herald of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 2(151), 206–217. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-206-217>
- Сәрсекке, М. (1999). *Қазақтың Қанышы: роман-эссе*. Алматы: Атамұра.
- Farxadova, M. U., & Ruzmetova, D. K. (2025). The function of metaphor, epithet and other stylistic devices in the text. *Ta'lim Innovatsiyasi va Integratsiyasi*, 59(1), 287–290.
- Дементьева, А. А. (2023). Автобиографическая проза: основные термины и понятия. *International Scientific Research Journal*, 7(133).
- Akimoto, T. (2019). Narrative structure in the mind: Translating Genette's narrative discourse theory into a cognitive system. *Cognitive Systems Research*, 54, 342–350. <https://doi.org/10.1016/j.cogsys.2019.08.007>
- Абиева, М. (2024, 13 желтоқсан). «Қазақтың Қанышы» – ұлт перзенті. *Ұстаз мәртебесі*.

References

- Abieva, M. (2024, December 13). “Qazaqtyñ Qanyshy” – ult perzentı [“Kazakh’s Kanysh” – a child of the nation]. *Ustaz Martabesi*. (In Kazakh)
- Akimoto, T. (2019). Narrative structure in the mind: Translating Genette’s narrative discourse theory into a cognitive system. *Cognitive Systems Research*, 54, 342–350. <https://doi.org/10.1016/j.cogsys.2019.08.007>
- Akysh, N. B., Sarsenbayeva, Zh. B., & Abikhanova, G. D. (2025). The discourse of depicting artistic figures in biographical works. *Keruen. Scientific Journal*, 88(3), 35–47. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-02> (In Kazakh)
- Beaty, R., & Kenett, Y. N. (2023). Associative thinking at the core of creativity. *Trends in Cognitive Sciences*. <https://doi.org/10.1016/j.tics.2023.04.004>
- Bortnikov, N. S., Vikentyev, I. V., Degtyarev, K. E., Zhukov, N. M., & Kurchavov, A. M. (2024). Founder of metallogeny in Kazakhstan: On the 125th anniversary of the birth of Academician K. I. Satayev. *Geology of Ore Deposits*, 66(3), 241–247. <https://doi.org/10.31857/S0016777024030012> (In Russian)
- Dementieva, A. A. (2023). Avtobiograficheskaya proza: osnovnye terminy i ponyatiya [Autobiographical prose: Key terms and concepts]. *International Scientific Research Journal*, 7(133). (In Russian)
- Essenova, Q. Ö., & Kesikbayeva, Ä. Q. (2025). Features of the prose essay as a genre. *Herald of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 2(151), 206–217. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-206-217> (In Kazakh)
- Farxadova, M. U., & Ruzmetova, D. K. (2025). The function of metaphor, epithet and other stylistic devices in the text. *Ta’lim Innovatsiyasi va Integratsiyasi*, 59(1), 287–290. (In English)
- Kalkabayeva, S. A., Almas, L. A., & Akhmedova, Zh. A. (2023). The creative personality and authorial concept in A. Nurshayikov’s prose. *KazNU Bulletin. Philology Series*, 3(191), 113–122. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v191.i3.ph11> (In Kazakh)
- Kerimbay, S., & Nabi, Ä. (2024). *Qanysh zhane gylimi maidan* [Kanysh and the Scientific Front]. Almaty: Otbas Publishing House. (In Kazakh)
- Khalizev, V. E. (2004). *Teoriya literatury: uchebnik* [Theory of literature: Textbook] (4th ed., rev. and enl.). Moscow: Vysshaya shkola. (In Russian)
- Minasyan, N. G. (2023). Synthesis of arts as a method of artistic perception development: A practical aspect. *Pan-Art*. <https://doi.org/10.30853/pa20230006>
- Pinkow, F. (2022). Creative cognition: A multidisciplinary and integrative framework of creative thinking. *Creativity and Innovation Management*. <https://doi.org/10.1111/caim.12541>
- Sarseke, M. (1999). *Qazaqtyñ Qanyshy: roman-esse* [Kazakh’s Kanysh: A novel-essay]. Almaty: Atamura. (In Kazakh)
- Schipper, K., Janacek, K., & Németh, D. (2020). How do competitive neurocognitive processes contribute to artistic cognition? The Andras-effect. *Leonardo*, 54, 679–679. https://doi.org/10.1162/leon_a_02007
- Shang, L., & Arif, H. B. A. (2023). The extension of cognitive psychology to the field of art and its implications for education. *International Journal of Educational Research and Development*. <https://doi.org/10.56028/ijerd.1.2.1.2023>
- Zarykqan, U. (2024, April 8). Medeu Sarseke qalamyndagy Qanysh [Kanysh in Medeu Sarseke’s writing]. *Literature Portal*. https://adebiportal.kz/kz/news/view/medeu-sarseke-qalamyndagy-anys__25313 (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Хуатбекұлы Еркнат – PhD, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: erema_k91@mail.ru).

Сәрсенбаева Жансұлу Баденқызы – PhD, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: babe8812@mail.ru).

Мухамадиев Даурен Бакдаулетович – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: dauren-7725@mail.ru).

Information about the authors:

Khuatbekuly Yerkanat – PhD, M.O. Auezov Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan, e-mail: erema_k91@mail.ru).

Sarsenbayeva Zhansulu Badenqyzy – PhD, M.O. Auezov Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan, e-mail: babe8812@mail.ru).

Mukhamadiev Dauren Bakdauletovich – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dauren-7725@mail.ru).

Сведения об авторах:

Хуатбекұлы Еркнат – PhD, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова (Алматы, Казахстан, e-mail: erema_k91@mail.ru).

Сәрсенбаева Жансұлу Баденқызы – PhD, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова (Алматы, Казахстан, e-mail: babe8812@mail.ru).

Мухамадиев Даурен Бакдаулетович – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет им. Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: dauren-7725@mail.ru).

Келін түсті: 4 сәуір 2026 жыл
Қабылданды: 8 маусым 2026 жыл